

ФЕНОТИПНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БҰҚАШЫҚТАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІ

Қажғалиев Н.Ж., Ағыбаева Г.

Аннотация

Мақалада Ақмола облысы «АКА» шаруа қожалығында өсірілетін әуликөл тұқымының мүйізді және тоқал төлдерінің өсіп-даму ерекшеліктері мен өнімділік сапасы бойынша зерттеу нәтижелері берілген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мүйізді малдармен салыстырғанда тоқал мал тірілей салмағы бойынша жоғарылығымен ерекшеленеді, ал дене өлшемдері көрсеткіштері бойынша да салыстырмалы өсім тоқал малда біршама басымырақ келеді. Сонымен бірге, жасына қарай олардың ет өнімділігінің негізгі көрсеткіштерінде жоғары болатыны анықталды.

Кілттік сөздер: етті ірі қара мал, өнімділік сапасы, тірілей салмақ, абсолюттік өсім, ет өнімділігі, фенотипі.

Кіріспе

Етті ірі қара қазақстандықтар үшін ертеден дамыған негізгі шаруашылық саласының бірі. Қазақстан Республикасының ет бағытындағы ірі қара мал шаруашылығын дамыту бағдарламасын іске асыру ұйымдастыру шаралары мен бөлек аймақтардың табиғи-экономикалық жағдайлары ескерілген етті малды өсіру технологиясы бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулердің жан-жақтылығын, етті тұқымдармен жүргізілетін ұзақ мерзімді селекцияның тиімді бағдарламасын қажет етеді. Мал шаруашылығы саласында – мал шаруашылығы салаларын интенсивті дамыту жолына көшіру есебінен өнім өндіруді еселеп арттыру міндеті қойылу мен қатар мамандандыруды тереңдету керек [1,2,3].

Қазақстанда таза тұқымды табындарды құру мақсатында

әуликөл тұқымын шығару үшін шет елдің етті тұқымдары қазақтың ақбас сиыры тұқымымен будандастырылды.

Сайып келгенде адам күн көрісін жеңілдету үшін мал өсіреді. Оның басты себебі – малдан алынатын аса маңызды азық өнімі. Әуликөл ірі қара малы тұқымы тез өсіп-өнгіштігімен, еттілігімен және етінің сапалылығымен, ата-тектері француздық шароле мен ағылшындық абердин-ангусс тұқымдарымен салыстырғанда жергілікті жердің климат жағдайларына бейімділігімен ерекшеленеді [4,5].

Басқа етті мал тұқымдарымен салыстырғанда өсуі ерте аяқталып, ерте семіреді. Әуликөл тұқымының маңызды шаруашылық-биологиялық белгілерінің көрсеткіштері: 8 айдан 15 айға дейін өсу қарқыны -1095г; 15-18 айлық бұқашықтарының

тірілей салмағы 450-540 кг; 18 айлығында сойылған бұқашықтардың ұшасының салмағы 305 кг; сойыс шығымы 60-63%; бұқаларының тірілей салмағы 950-1050 кг; жас төлдерінің тәуліктік қосымша салмақ қосуы 1000-1200г кұрайды.

Соңғы жылдары елімізде ірі қара малдан алынатын ет өнімділігін арттыру мақсатында біраз ғылыми жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде бір тұқым ішінде фенотиптік ерекшеліктері бойынша өнімділігін, яғни біздің жағдайда, табындағы тоқал және мүйізді малдардың өнімділігін зерттеу жұмыстары өзекті болып отыр.

Көптеген ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша, қазақтың ақбас сиыры және герефорд тұқымдарының табындағы тоқал және мүйізді малдардың өнімділігін зерттегенде олардың 15 айлық жасындағы тірілей салмағының арасында айтарлықтай айырмашылық анықталмаған. Бірақ, тоқал қашарлар, мүйізді жастастарынан жалпақ денелігімен, аяғының қысқалығымен, жақсы дамыған еттілік пішінімен ерекшеленіп, шомбал типіне жатқызылатынын келтіреді[5,6].

Бүгінгі күні ірі қара малдың ет өнімділігін арттыру мақсатында тұқымдылық және өнімділік сапасын жетілдіру мәселелері туындап отыр. Осы мақсатта біз "АКА" ЖШС жағдайында өсірілетін етті бағыттағы әуликөл тұқымының фенотипі әркелкі бұқашықтардың өнімділігін зерттедік.

Зерттеу әдістері

Зерттеу нысаны ретінде Ақмола облысы, Целиноград

ауданы, Тасты ауылдық округінің «АКА» ЖШС-де өсірілетін фенотипі әртүрлі әуликөл ірі қара малы алынды. Зерттеу жұмыстары 2014 және 2015 жылдары жүргізілді. Тәжірибедегі бұқашық фенотипі бойынша үш топқа бөлінді: I-тоқал бұқашықтар, II- мүйізді бұқашықтар, III-аралас бұқашықтар. Шаруашылықта өсірілетін әуликөл тұқымының өнімділік сапасы олардың фенотипіне байланысты таразыға өлшеу арқылы анықталды.

Сырт пішіні және дене бітімін бағалау – көзбен, жас төлді 5 балдық шкаламен, бұқашықтар 30 балдық шкаламен, ал малдың дене бітімін - Кулешов-Иванов әдістерімен бағаланды.

Өсу және даму бойынша бағалау – стандарт талабына сәйкестендіру бойынша жүргізілді. Сиырлардың сүттілігі – енесінен ажыратылған 6 айлық төлдің тірілей салмағы бойынша анықталды.

Еттің өнімділігін анықтау – сойыс кезінде алынған есеп нәтижесі бойынша орындалды.

Зерттеу барысында алынған негізгі сандық материалдар вариациялық статистика, Н.А.Плохинский және Стьюдент әдісі бойынша, дәйектілігі SPSS for Windows қолданбалы бағдарламасы бойынша өңделді.

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі таңда республикамызда етті бағыттағы мал тұқымдарын өсіру қарқынды дамуда. Мал шаруашылығының осы саласына аса зор көңіл бөлініп келеді.

Әр аймақта етті ірі қара шаруашылығымен айналысып жатқан шаруа қожалықтары және асыл тұқымды фермалар аз емес.

Солардың бірі – «АКА» ЖШС асыл тұқымды ірі қара шаруашылығы.

Тәжірибеге әуликөл тұқымының мүйізді және тоқал малдарынан 10 бастан және аралас топты, туғаннан 15 айлық жасына дейінгі бұқашықтардан 12 бас малалынып, шаруашылық жағдайында бағып-күтілді.

Зерттеу жұмыстары көрсеткіштері бойынша жүргізілді: өсіп-даму және ет өнімділігі.

Өсіп-даму ерекшеліктері. Төлдің өсіп-дамуы малдың ет өнімділігіне үлкен әсерін тигізеді және етті ірі қара шаруашылығында басты селекциялық белгі болып саналады. Шаруашылықтарда өсіріліп жатқан әуликөл тұқымы төлі қарқынды өсіп жетілгіштігімен, ауыр салмақ қосуымен ерекшеленеді [7,8,9].

Фенотипі әркім топтағы бұқашықтардың тірілей салмағының өсу динамикасы зерттелінді. Төлдің туған кезіндегі тірі салмағы 24,7-27,6 кг болып, олардың арасында бұзаулардың тірі салмағының жоғары көрсеткіші 27,8кг, тоқал бұқашықтар тобында тіркелді. Бұл көрсеткіш мүйізді топ жастастарынан 2,1 кг, ал үшінші аралас топ көрсеткішінен 3,1кгбасым болса, аталған төлдердің өсу динамикасында салмақ көрсеткіші алты айлық жасында 181,3-195,4кг, он екі айлық жасында 324,5-349,0кг, он бес айлық жасында 397,5-428,3кг-ды құрады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тірілей салмағы бойынша туылғаннан ($27,8 \pm 0,14$) 15 айлығына ($428,3 \pm 9,3$ кг) дейін жоғары өсім тоқал топтың үлесінде болды (1 кесте).

1 кесте - Фенотипі әркім топтағы бұқашықтардың тірілей салмағының өсу динамикасы

| Мал топтары | Бұқашықтар жасы, айы | | | | | | | |
|------------------------|----------------------|-----------------|---------|------------------|----------|------------------|----------|-----------------|
| | туылған кезінде | | 6 айлық | | 12 айлық | | 15 айлық | |
| | n | тірілей салмағы | n | тірілей салмағы | n | тірілей салмағы | n | тірілей салмағы |
| Тоқал бұқашықтар | | | | | | | | |
| I | 10 | $27,8 \pm 0,14$ | 10 | $195,4 \pm 5,67$ | 10 | $349,0 \pm 11,2$ | 10 | $428,3 \pm 9,3$ |
| % | | 6,4 | | 45,6 | | 81,4 | | 100,0 |
| Мүйізді бұқашықтар | | | | | | | | |
| II | 10 | $25,7 \pm 0,12$ | 10 | $190,3 \pm 5,79$ | 10 | $333,3 \pm 8,32$ | 10 | $411,0 \pm 9,2$ |
| % | | 6,19 | | 41,8 | | 77,9 | | 100,0 |
| Аралас топ бұқашықтары | | | | | | | | |
| III | 12 | $24,7 \pm 0,16$ | 12 | $181,3 \pm 5,03$ | 12 | $324,5 \pm 9,52$ | 11 | $397,5 \pm 9,5$ |
| % | | 6,03 | | 43,1 | | 71,9 | | 100,0 |

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштер әуликөл тұқымы малының бұқашықтары туылғаннан 15 айлық жасы аралығында тұқым стандарты талабының I класына сай келетінін көрсетті.

Соның ішінде 6 айлығында - 5,1 кг немесе 2,6 % тоқал бұқашықтар барлық өсу кезеңінде мүйізді малдарға қарағанда 12 айлығында-25,7 кг немесе 7,9 %, 15 айлығында-13,3 кг немесе 3,1 % жоғары салмақ басымдылығын көрсетті.

Ал аралас бағып-күткенде бұл көрсеткіш екі топ малының жастастарынан 6-19кг немесе 1,3-4,4 % төмен болды.

Фенотипі әркелкі топтағы бұқашықтар салмағының өсу динамикасындағы лимиттік

өзгергіштікті сараптағанда, бұл көрсеткіштің өсіп отыратыны байқалды. Төлдің өсу динамикасында кезең бойынша талдағанда, егерде олардың 15 айлық кезіндегі салмағын 100% депқабылдайтын болсақ, туған кезіндегі салмағы 8,94-9,1%, 6 айлық кезінде 52,0-55,0%, 12 айлық кезінде 70,0-73,0% салмағына жетеді (2 кесте).

Тәжірибедегі бұқашықтардың даму кезеңіндегі тірі салмағының абсолюттік өсімін талдағанда, жоғары өсім туған кезінен 6 айлық жасына дейін тоқал бұқашықтарда 167,6 кг, яғни 602,9% өсетіні байқатты. Осы кездегі төл тірі салмағының орташа тәуліктік өсімінің жоғары деңгейі 881,1 г-ды құрады

2 кесте - Фенотипі әркелкі топтағы бұқашықтардың даму кезеңіндегі тірі салмағының абсолюттік және салыстырмалы өсім, кг, пайыз есебімен

| Мал топтары | Өлшем бірлігі | Даму кезеңдері | | | |
|-------------|---------------|------------------------------|-----------------------------------|------------------------------|-------------------------------|
| | | Туған кезіндегі тірі салмағы | Туған кезінен 6 айлық жасқа дейін | 6 айдан 12 айлық жасқа дейін | 12 айдан 15 айлық жасқа дейін |
| I | Кг | 27,8 | 167,6 | 153,6 | 79,3 |
| | % | - | 602,9 | 78,6 | 51,6 |
| II | Кг | 25,7 | 164,6 | 133,0 | 91,7 |
| | % | - | 640,4 | 69,8 | 68,9 |
| III | Кг | 24,7 | 156,6 | 113,2 | 115,0 |
| | % | - | 664,9 | 62,5 | 101,2 |

Бұл кезеңдегі төл тірі салмағының жоғары өсім көрсетуі олардың сүтпен қоректену кезеңінің ағзаның өсуіне қолайлы болатынын байқатты.

Фенотипі әркелкі топтағы бұқашықтардың даму кезеңінде тірі

салмақтың төменгі өсімі 113,2-153,6 кг (62,5-78,6%) 6 айлық топ 12 айлық жас кезеңіне сәйкес. Бұл кезеңдегі салмақтың орташа тәуліктік өсімі небәрі 421,7-478,3г-ны құрады. Төлдің даму кезеңінің 6-12 айлық жас кезеңінде өсім

көрсеткішінің біраз төмен болуы олардың сүтпен қоректену кезеңінің аяқталып, табиғи жем-шөпке көшкен кезіндегі бейімделу үдерісіне байланысты болуында.

Фенотипі әркелкі топтағы бұқашықтардың даму кезеңінің 12-15 айлық жастағы кезеңінде салмақты тәуліктік абсолюттік

көрсеткіштері біршама өскені байқалады. Осы кезде салмақтың жалпы абсолюттік өсімі 79,3-115,0 кг-ды (51,6-101,2%) құрап, орташа тәуліктік өсім 811,2-881,1г-ға жетті.

Төл дамуының аталған кезеңде салмақ өсімінің тұрақталуы олардың сыртқы ортаға барынша бейімделетінін көрсетеді (3 кесте).

3 кесте - Әртүрлі топтағы бұқашықтардың даму кезеңіндегі орташа тәуліктік өсімі

грамм есебімен

| Мал Топтары | Туған кезеңдегі тірі салмағы | Даму кезеңдері | | |
|----------------|------------------------------------|---|------------------------------------|-------------------------------------|
| | | Туған кезінен 6 айлық жасқа дейін | 6 айдан 12 айлық жасқа дейін | 12 айдан 15 айлық жасқа дейін |
| I | 27,8 | 931,1±26,7 | 853,3±27,7 | 881,1±42,2 |
| II | 25,7 | 914,4±28,5 | 794,3±26,8 | 863,3±61,4 |
| III | 24,7 | 870,5±32,0 | 795,5±28,9 | 811,2±72,1 |

Бұқашықтардың даму кезеңдеріндегі салмақтың тәуліктік өсімінің жоғары көрсеткіші бірінші топта тіркелді. Алғашқы кезеңде 931,1 г, 6-12 айлық жаста 853,3г, 12-15 айлық жаста 881,1г. Осы көрсеткіштің төменгі мөлшері III-топ бұқашықтарында анықталды, сәйкесінше – 881,1г, 863,3г, 811,2г.

Тоқал және мүйізді бұқашықтардың даму кезеңінің 12-15 айлық жастағы кезеңінде салмақтың тәуліктік өсім көрсеткіштері біршама жоғарылағаны байқалады. Төл дамуының аталған кезеңінде салмақ өсімінің тұрақталуы олардың сыртқы ортаға барынша бейімделгендігін көрсетеді. Бұл көрсеткіштерден тоқал малдардың төлі барлық өсім кезеңінде тәулігіне 881,1г салмақ қосып, мүйізді бұқашықтарға қарағанда біршама өсу қарқынымен

ерекшеленетіні анықталды ($P \leq 0,001$).

Бұл көрсеткіштер тоқал малдардың дене бітімі мен еттілік пішіндері жақсы дамығанын көрсетеді.

Әртүрлі топтағы бұқашықтардың дене өлшемдерінің туған кезінде лимиттік өлшемдері шоқтығынаң биіктігі бойынша 3,5 см (69,6-73,1 см), құйымшақ биіктігінде 3,7 см (69,6-73,6 см), кеуде тереңдігінде 1,4 см (27,4-28,8 см), кеуде енінде – 1,2 см (17,4-18,6 см), мықын ендігінде 2,1 см (18,7-20,8 см), тұрқының қиғаш ұзындығында 6,9 см (65,6-68,5 см), кеуде орамында 5,7 см (70,1-75,8 см), сирақ орамында 0,5 см (9,8-10,3 см) болады.

Жеке мал топтарында дене өлшемдерінің жоғары мөлшері тоқал бұқашықтар (жоғары салмақпен туылған бұзаулар) тобындағы төлде

байқалады. Шоқтығының биіктігі бойынша 73,1 см, құйымшақ биіктігі – 73,6 см, кеуде тереңдігі – 28,8 см, кеуде ені 18,6 см, мықын ендігі 20,8 см, тұрқының қиғаш ұзындығы – 68,5 см, кеуде орамы – 75,8 см, сирақ орамы – 10,3 см. Аталған дене өлшемдерінің төменгі мөлшері III топтағы бұқашықтарда тіркелді тиісінше: 69,6 см, 69,9 см, 27,4 см, 17,4 см, 18,7 см, 61,6 см, 70,1 см, 9,8 см.

Төлдің дене өлшемдерінің параметрлерінің 6 ай, 12 айлық және 15 айлық жас кезеңдеріндегі максималь деңгейі тоқалдар тобындағы малда сақталды.

4 кесте -15 айлық әртүрлі топтағы бұқашықтарды бақылау сойысының нәтижелері

| Мал топтары | Сояр алдындағы тірілей салмағы, кг | Масса, кг | | Сойыс салмағы, кг | Ұшаның шығымы, % | Сойыс шығымы % |
|-------------|------------------------------------|-----------|--------|-------------------|------------------|----------------|
| | | ұша | іш май | | | |
| I | 428,3 | 236,40 | 2,53 | 238,93 | 55,20 | 55,78 |
| II | 415,4 | 224,30 | 2,73 | 227,03 | 54,06 | 54,65 |
| III | 409,7 | 219,20 | 2,66 | 221,86 | 53,50 | 54,15 |

Ұшаның салмағы, сойыс салмағы бойынша I және II топтың малдарының арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады ($P < 0.001$). Тек айырмашылық I және III топтың арасында ғана анықталды ($t_g = 2.3$ $P > 0.001$). Бірақ барлық бақылау сойысының нәтижелері бойынша, тоқал бұқашықтар жастас II және III топтың бұқашықтарынан ұшаның салмағы -12,1 және 17,2 кг, ұшаның шығымы -1,2 және 1,7%, іш май -1,1 және 1,3 кг және 0,3 және

Сәйкесінше дене өлшемдерінің төменгі деңгейі мүйізділер төлінде байқалды.

Барлық тәжірибе тобының малдарының өсу қарқынында аз ғана көрсеткішке айырмашылық болды. Кейбір дене өлшемдері бойынша тоқал малдар тетелес мүйізді малдардан, аралас топтың малдарынан басым түсті.

Тоқал малдың ет өнімділігінің жоғарылығы мүйізді малдан кем емес. Бұл шаруашылықтағы сойыс цехында 15 айлық бұқашықтарды бақылау сойысының нәтижесі бойынша анықталды (4 кесте).

0,4% , сойыс салмағы -11,6 және 17,07 кг, шығымы 0,8 және 2,1 пайызға басым болды. Бұл жерде де тоқал бұқашықтардан жоғары салмақты сапалы ұша алуға болатынын көрсетеді.

Мал сойылғаннан кейін, оның ұшасының салмағы, еттің шығымы, оның морфологиялық және химиялық құрамы мен калориясы және еттің тағамдық дәмділігіне қарай бағаланады.[10]

Қорытынды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тоқал мал тірілей салмағы бойынша туғаннан $27,8 \pm 0,14$ кг 15 айлығына $428,3 \pm 9,3$ кг жетіп, қарқынды өсім байқалды,

яғни тетелес мүйізді бұқашықтарынан тиісінше 25,9% басым болды. Тәжірибедегі бұқашықтарының өсіп-даму кезеңіндегі тірі салмағының абсолюттік өсімін талдағанда, олар туған кезінен 6 айлық жасына дейін 167,6-156,6 кг-ға өсетіні байқалды. Осы кездегі бұқашықтардың орташа тәуліктік өсімінің жоғары деңгейі 881,1 г-ды құрады.

Әулікөл тұқымының тоқал малының бұқашықтары мүйізді малының жастастарынан қарағанда тұрқының ұзындығымен және жақсы дамыған еттілік пішінімен бағаланды.

Ұшаның салмағы, сойыс салмағы бойынша I және II топтың малдарының арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады ($P < 0.01$). Тек айырмашылық I және III топтың арасында ғана анықталды ($t_g = 2.3$ $P > 0.01$).

Қорыта келе, табындағы малдардың өнімділігін арттыру үшін фенотиптік белгілерін ескеріп бөлек бағып күткен тиімді. Өйткені тоқал мал мүйізді малға қарағанда біршама қарқынды өсіп, жоғары ет өнімділігімен ерекшеленеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Аманжолов Қ.Ж., Ахметов Е.М. Ет сапасын арттырудың жолдары // Жаршы. 2012. №6. -46-49 б.

2 West-Eberhard, M.J. Developmental plasticity and evolution, 2003. Oxford: Univ. press.

3 Естанов А.К., Миргородский М.И. Солтүстік Қазақстан жағдайында шетелдік селекциядағы отандық таза тұқымды аралас ірі қара малды дамыту және өсіру // Жаршы. 6/2014. 49-55 б.

4 Қажғалиев Н.Ж. Қазақстан Республикасында ет өндірісінің даму барысы - // БҚО Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Батыс Қазақстанда халық шаруашылығы дамудың экономикалық аспектері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Орал, 2007. 193-195 б.

5 Warzecha, H. Spitzentiere aus Mutterstockherd Mast- und Schlactleistung verschiedener Fleischrindgenotypen / H. Warzecha. // Neue Landwirtsch. - 2000. -N8. -P. 62-63.

6 Effect of Cattle Breed on Meat Quality, Muscle Fiber Characteristics, Lipid Oxidation and Fatty Acids in China // Xiangxue Xie, Qingxiang Meng, Zhenliang Cui, and Liping Ren. Asian-Australas J Anim Sci, 2012 Jun; 25(6): 824-831. doi: [10.5713/ajas.2011.11462](https://doi.org/10.5713/ajas.2011.11462).

7 Surai P.F., Fisinin V. Selenium in poultry breeder Nutrition: an update // Animal feed science and technology (Elsevier) ISSN 0377-8401. Science Publishing company Inc. 2014. Tom 191. 1-15 p.

8 Григорьева М.Г., 2009. Экстерьерная оценка завезённого в Краснодарский край мясного скота // матер. юбилейной международной научно-практической конференции «Научные основы повышения продуктивности с.-х. животных» Ч. 2: 18. Митюков А. Мясное скотоводство основа высокой прибыли, 2009. Главный зоотехник, 2: С. 26-28.

9 Альпейсов Ш.А. Современное состояние животноводства и перспективы его развития на научной основе. // Вестник с/х Казахстана, №3, 2009 С.37-38.

10 Насамбаев Е.Г., Төлебаев., Қажмұратов М.К. Бозымова Р.О. Етті тұқымдардың бұқаларын ұрпағының сапасы бойынша бағаланғанда әртүрлі әдістерді қолданудың тиімділігі туралы ұсыныстар. Орал 2006.

Резюме

В данной статье рассмотрены основные показатели аулиекольской породы мясного скота по продуктивным качествам и пути их совершенствования в условиях ТОО "АКА" в зависимости от фенотипа. По результатам исследования, наивысшую живую массу (при рождении $27,8 \pm 0,6$ и 15 мес. $428,3 \pm 3,1$ кг) в условиях хозяйства показали комолые бычки аулиекольской породы. Как следует из материалов изучения промеров подопытных животных, комолые бычки превосходили сверстников II и III группы по всем изучаемым промерам. По результатам контрольного убоя подопытных бычков, в целом масса туш у комолых больше на 12,1 и 17,2 кг чем у сверстников II и III группы ($P \leq 0,001$). Таким образом, при разведении мясного скота в условиях ТОО "АКА", наиболее целесообразно использовать комолых животных аулиекольской породы, которые хорошо приспособляются к местным условиям.

Summary

The main indicators of auliyekol breed of meat cattle on productive qualities and a way of their improvement in the conditions of "АКА" LLP are considered in this article. By the results of research the highest relative growth rate (at the birth of $27,8 \pm 0,6$ and 15 months of $428,3 \pm 3,1$ kg) in the conditions of economy was shown by polled bulls of auliyekol breed. As appears from materials of studying of measurements of experimental animals, polled bulls surpassed their contemporaries of the II and the III groups on all studied measurements. By the results of control slaughter of experimental bulls in general the mass of hulks of polled are 12,1 and 17,2 kg more than contemporaries of the II and the III group ($P \leq 0,001$). Thus, at creation of the branch of meat cattle breeding in the conditions of "АКА" LLP, it is most expedient to use polled animals of auliyekol breed who well adapt to local conditions.